

"Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәліктерін тану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 546 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 510 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 18 шілдеде № 19043 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәліктерін тану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 546 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6690 болып тіркелген, 2011 жылғы 31 наурызда № 116-119 (26525) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәліктерін тану ережесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министреңе жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

P. Скляр

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық

даму министрінің
2019 жылғы 16 шілдедегі
№ 510 бүйрігіна
қосымша
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2010 жылғы 28 қарашадағы
№ 546 бүйрігімен
бекітілген

Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәліктерін тану ережесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәліктерін тану ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның 1-қосымшасына сәйкес әзірленген (Чикаго, 1944 жылғы 7 желтоқсан).

2. Осы Ереже шет мемлекеттері берген авиациялық персоналдың куәліктерін тану тәртібін және шарттарын белгілейді.

3. Қазақстан Республикасының азаматына шетел мемлекеті берген авиациялық персонал куәлігін немесе жұмысқа жалдану үшін Қазақстан Республикасына келген шетел азаматының авиациялық персонал куәлігін тану Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен жүзеге асырылады.

4. Шетел азаматына шетел мемлекеті берген азаматтық авиацияның авиация персоналдының куәлігі мынадай талаптар сақталған кезде Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жарамды деп таниды:

1) үміткер Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы ұйымына жұмысқа шақырылса (көшірмесі);

2) үміткер мынадай құжаттарды ұсынады:

жеке басын куәланыратын құжат (төлқұжат);

азаматтық авиация персоналдының авиациялық куәлігі (көшірмесі);

медициналық қорытынды (ұшу және диспетчерлік құрам үшін – көшірмесі);

кейінгі кезеңде біліктілігін арттыру курсарынан өткені туралы құжаттың көшірмесі (LPC/OPC skill test up grade ұшу құрамы үшін);

ұшу кітапшасынан ұшу сағаттары туралы жазба бөлімінен соңғы үш бет (көшірмесі);

осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шет мемлекет берген Авиация персоналдының куәліктерін тануға отініш (түпнұсқа);

әуе құқығы, метеорология бойынша білімді көрсету нәтижелерінің көшірмелері, пайдалану рәсімдері, Қазақстан Республикасының ерекшеліктерін есепке алғандағы фразеология (әуе экипажы мүшелері).

Егер Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлға болып табылатын пайдаланушы басқа мемлекетте (тіркеу мемлекеті) тіркелген әуе кемелерін пайдаланған жағдайда, егер Қазақстан Республикасымен және әуе кемесі тіркелген мемлекетпен жасалған халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе жағдайда, осы әуе кемелерінің экипаж мүшелерінің авиациялық персоналдарының куәліктерін тануды тіркеу мемлекеті жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасының азаматына шет мемлекет берген азаматтық авиацияның авиация персоналдарының куәлігі мынадай талаптар сақталған жағдайда Қазақстан Республикасында жарамды деп танылады:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы болған;
- 2) шет мемлекет берген азаматтық авиацияның авиация персоналдарының куәлігі "Радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін менгеру деңгейін айқындауға арналған тест қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 25 қыркүйектегі № 748 бұйрығымен бекітілген оқу және кәсіптік бағдарламаларға сәйкес келгенде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8783 тіркелген);
- 3) әуе кемесінде оқу бойынша біліктілігі және денсаулық сақтау субъектісі немесе азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым таныған Қазақстан Республикасы шегінен тысқары медициналық орталық берген кәсіптік жарамдылықтың медициналық қорытындысы болғанда;
- 4) ұшу сағаттарының мөлшері Конвенцияға 1-қосымшага (Авиация персоналдарының куәлік беру) сәйкес Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) талаптарында көрсетілген ұшу уақытының минимумына тең немесе жоғары болуы тиіс;

Қазақстан Республикасы азаматтық авиацияның авиация персоналдары осы Қағидада көзделген талаптарды сақтаған кезде шет мемлекетте алған әуе кемесінде оқыту бойынша біліктілігін жоғалтпайды.

6. Шет мемлекеттер шетел азаматтарына берген азаматтық авиацияның авиациялық персоналдарының куәлігі Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым арқылы біліктілік арттыру курсынан өту мерзімінің аяқталуына дейін, ал ұшқыштар құрамының куәлігі медициналық қорытынды әрекетінің мерзімі аяқталғанға дейін танылады.

Шет мемлекет берген азаматтық авиацияның авиация персоналдарының куәлігінің жарамдылығын растау үшін Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 1-қосымшаның талаптарына сәйкес осы мемлекеттің Авиациялық әкімшілігіне сұрау салу жібереді.

7. Шетел мемлекетінің Авиациялық әкімшілігі азаматтық авиацияның авиациялық персоналының куәлігін растиғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес шетел мемлекеті берген авиациялық персонал куәлігін тану туралы куәлік береді.

2-тарау. Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәліктерін тану тәртібі

8. Шет мемлекет берген азаматтық авиацияның авиация персоналының куәлігін тануын алу үшін Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға еркін нысанда өтініш және осы Ереженің 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тиісті құжаттарды ұсынады.

9. Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым екінші мемлекеттің Авиациялық әкімшілігінен раству алған қуні шетел мемлекеті берген авиациялық персонал куәлігін тану туралы куәлікті береді. Авиациялық персонал куәлігін тану туралы куәліксіз авиациялық персонал куәлігі жарамсыз деп есептеледі.

10. Шет мемлекет берген авиация персоналының куәлігін тану туралы куәлігі (сертификатты) алған Қазақстан Республикасының азаматы үшін азаматтық авиация саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті ұйым "Авиация персоналы куәліктерін беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 750 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8782 тіркелген) мемлекеттік ұйымға өтінім жасағанда Қазақстан Республикасының авиация персоналының куәліктерін беру қағидасына сәйкес авиация персоналының куәлігін береді.

Авиациялық персоналдың
шетел мемлекеттері берген
куәліктерін тану ережесіне
1-қосымша
Нысаны

Рәміз Уәкілетті ұйымның атауы Уәкілетті ұйымның мекенжайы

Авиациялық персоналдың шетел мемлекеті берген куәлігін тану өтініші

Personal Data /Персоналдың деректері:

Last Name/Тегі:..... Given Names/Аты:.....

Address/Мекенжайы:..... Date of Birth/Туган қуні:....

Employing Company/Авиакомпания:..Passport No/ төлкүжат №.....

Licence to be validated/..... Number/ Нөмірі:.....

Валидацияға берілген авиациялық

персонал күелігі

Licence Data/Лицензияның деректері:

Type of Licence/Лицензия ұлгісі:....

Licence Number/Лицензия нөмірі:....

Type Ratings/ Рұқсаттар:..... Limitations/Шектеулер:.....

Issued by/Берілген орны:..... Expiry Date/Қолданылу мерзімі:

Medical Declaration/Медициналық сертификат (ұшқыштар және диспичерлер құрамының):

Type of Certificate (Class 1/Class 2).. Latest Examination Date:..

Сертификат сыныбы (1-сынып/2-сынып) Соңғы тексеру күні:

Expiry Date/Қолданылу мерзімі:....Limitations/Шектеулер:....

Flying Experience/ Ұшу уақыты (ұшқыштар құрамының):

Total hours on A/C Type Requested:... Total Night Flight Time:

әуе кеменің сұратылған ұлгісіндегі

жалпы ұшу сағаттары Жалпы тұнгі ұшу сағаттары

Total Flight Time as Pilot In Command (PIC)..

Әуе кеме командирінің жалпы дербес ұшы

Total hours as First Officer.....

Екінші пилот ретінде жалпы ұшу

Total PIC on Multi Crew Aircraft *Total Instrument Time:

Көп қозғалтқышты әуе кемесімен Аспап бойынша ұшу ережесі

жалпы дербес ұшы.... бойынша жалпы ұшу:

Total Time:.....

Жалпы ұшу:

* (Captain on MPA + 50% Co Pilot on MPA) * (Көп қозғалтқышты әуе кеменің командирі +50% көп қозғалтқышты әуе кеменің екінші пилоты)

Currency Data/Қолданылу мерзімі туралы деректер: Landings within 90 days >3? (Y/N)
/ 90 күн ішіндегі қонулар >3? (ия/жоқ)

Latest Proficiency Check Date / Тренажерден өту күні:

Name of Examiner / Нұсқаушы:

Latest Date Flown / Алдыңғы ұшу күні:

DECLARATION

ӨТІНІШІ

I hereby declare that the above supplied information is truthful and correct. I am aware that I may not exercise privileges other than the privileges authorized by my licence under its conditions and limitations, and which may be further limited by the Department of Civil Aviation Authority Republic of Kazakhstan.

Озім берген ақпараттың дұрыс екендігін растаймын. Менің лицензиямда жазылған немесе Қазақстан Республикасының Авиациялық билік орындары белгілеген бір де бір шектеулерден асырмауға тиіс екендігімнен хабардармын.

Date/Күні:.....

Signature of Applicant/Қолы: _____

Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәліктерін тану ережесіне

2-қосымша

Нысаны

**Авиациялық персоналдың шетел мемлекеттері берген куәлігін тану туралы
куәлік STATE LOGO ETC РӘМІЗ**

Subject: Confirmation of the validity of the: Attn:

Субъект: Жарамдылығын растау: Наз.:

We confirm, that is a holder of a valid

Біз осы куәлік иесінің әрекет ететінін растаймыз

INFORMATION FORM FOR THE VERIFICATION OF A LICENSE

ITEM	ICAO ANNEX 1	DESCRIPTION English/locally language (Kazak)	Сипаттамасы
1	(i)	State of license issue Куәлік берілген (ел, қала) жер	
2	(ii)	Title of license Куәліктің атауы (ATPL, CPL etc.)	
3	(iii)	Serial number of license Куәліктің нөмірі	
4	(iv)	Full name of holder (last and first) Куәлік иесінің аты және тегі	
5	(iv a)	Date of birth (dd/mm/yyyy) Тұған күні	
6	(v)	Address of holder (as on license) Куәлік иесінің мекенжайы (куәліктегі жазылғандай)	
7	(vi)	Nationality of holder Ұлты	
8	(viii)	Issuing Authority (conditions under which license is issued) Куәлік беруші ұйымының атауы	
9	(x)	Date of issue and validity date берілген күні және қолданыс мерзімі	
		Valid Ratings held (Type/Class/Instrument and Instructor)	

10	(xii)	(түрі, сыныбы, аспапты ұшу, инструкторлық рұқсаттама)	Ratings рейтинг разряд)	(Valid until Жарамдылық мерзімі
11	(xiii)	Remarks, limitations and endorsements (e.g.: night qualification for PPL, etc; English Language Proficiency Level) Ескеrtулер, шектеулер, растаулар (коммерциялық) жеке пилоттың ұшудына түнгі рұқсат; ағылшын тілінің деңгейі)		
12		Past of pending enforcement action Авиациялық оқиға орын алды ма	<input type="checkbox"/> Yes Ия	<input type="checkbox"/> No жок
13		Medical details, Class 1/ Class 2 (Delete as applicable) сынып деңгейі	LIMITATIONS шектеулер	VALID UNTIL Колданыс мерзімі
CERTIFICATION				
I, (last and first name) certify that the details entered on the form above and on additional pages attached are true and correct. Мен (аты, тегі) барлық жоғарыда айтылған және толтырылған деректердің растиғы мен дұрыстығын ратаймын				
Certifying Signature and Aviation Authority stamp Куәландаурышы үйім және штамп	Authority Куәландаурышы үйім: FAX факс: PHONE байл. телефоны: Position лауазымы: Signature қолы: stamp/штамп: date/берілген күні: (dd/mm/yyyy)			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК